**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 шілдедегі N 959 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 мамырдағы N 426 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 754 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2015 № 754 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық дамуының аса маңызды макроэкономикалық көрсеткіштерінің қысқа мерзімді болжамдары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 шілдедегі N 959 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

4-тармақ алынып тасталсын;

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының аса маңызды макроэкономикалық көрсеткіштері" деген кестеде:

3-бағанның тақырыбында "Ағымдағы жылдың есепті тоқсаны" деген сөздер " Есепті тоқсан" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-бағанның тақырыбында "Алдағы екі тоқсанға" деген сөздер "Ағымдағы жылдың алдағы екі тоқсанына" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-баған алынып тасталсын;

реттік нөмірі 12-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"12 Мемлекеттік бюджет көрсеткіштері, млрд. теңге:

1) кірістер, оның ішінде:

салықтық түсімдер; Қаржымині

салықтық емес түсімдер; Қаржымині

негізгі капиталды сатудан түсетін Қаржымині,

түсімдер; ЭБЖМ
2) шығындар; Қаржымині
3) операциялық сальдо; ЭБЖМ
4) таза бюджеттік кредит беру; Қаржымині
5) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо; Қаржымині, ЭБЖМ
6) бюджет тапшылығы (профициті) ЭБЖМ";
реттік нөмірлері 13, 14-жолдар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК